


1867  
86 к.

Есләм ЗІКІБАЕВ


Армандаш  
тұтасы



# Еслəм ЗІКІБАЕВ



# Армандақ тұмығ



© Зікібайев, 2006  
© АРМАНДАҚ ТҰМЫҒЫ, 2006

РИНЦ Азия  
Алматы-2006

**ББК 84 (5 Қаз) 7-5  
3-96**

Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрагат комитетінің бағдарламасы бойынша пығарылды

**3-96 Зікібаев Е.  
Армандағы ғұмыр. Өлеңдер мен толғаулар. — Алматы:  
2006. — 320 бет.**

**ISBN 9965-9341-7-7**

Ақын жинағына өмірінің соңғы жылдары жазған өлеңдері мен толғаулары енді. Ол өз туындыларында туған елге, өскен жерге деген шынайы маҳаббатын паш етеді. Куанып жазса да, қамырып, жұбанып жазса да — бәрі шынайы. Артында қалған үрпағына айттар жүрек сөзін осы жинақтан табуға болады.

**ББК 84 (5 Қаз) 7-5**

3 4702250202  
00(05)-06

**ISBN 9965-9341-7-7**

© Зікібаев Е., 2006  
© «РИИЦ Азия», 2006

## **Самала жырдың шебері**

Күні кеше қатар жүріп өмір кешкен, қатар жүріп өлең жазған, өнер білгіне өрмелеген іні-достарымның бірі — Есләм Зікібаев еді. Мейлінше сыпайы, мейлінше өр, өжет інім менен бір жас қана кіші екен. Ол мені Тұмаға деп ардақтайтын, алдыымды қызып өтпейтін азамат еді.

Соңғы жылдары, өсіресе, өмірінің соңғы айларында маған жиі кеп жолытатын еді. Ақындар жолығысқанда өлеңнен басқа ешнэрсені көп айта бермейді. Есләмнің поэзиясын, өзін де мен біртүрлі жақсы көруші ем.

Кешеден бері мен оның өлеңдерін оқумен болдым. Жетпістің желді шынына Есләмнің өзі жетпесе де, сөзі жетті. Өлмес өлеңдері жетті.

Есләм жырлары елдікті, еркіндікті, парасатты марапаттайтын терең мазмұнды, текті жырлар. Мен оны бұрын да оқып жүретінмін. Осы жолы көбірек зерттеп оқыдым. Ол маған ертеден шапса кешке озған жүйрікті де, ой көтерген от ауызды, жалын көкіректі терең қарияны да елестетті.

Жастық жырларын оқығанымда жүргі ғана сөйлейтін жалындаған жас жігітпен сырласқандай аса бір жақсы сезімдерді кешірдім басымнан.

*Толқытып сырдың кестесін,*

*Самала самал ескесін.*

*Жинадым ғұлдің дестесін*

*Сыйладым нұрдың дестесін.*

*Қаншама жылдар отсе де*

*Сол бір шақ, әлі естесін.*

Бұл — Есләмнің "Дүние жалған" кітабының соңғы бетінен алынған үзінді. Кейде бір ауыр ойларға барады ақын. Мұндай өлеңдер көбіне оқушыға қанат емес, мұн, сыйлайды.

*Не көрдім алпыс жылда,*

*не көрмедім.*

*Бәрін айтып береді өлеңдерім.*

*Арман шіркін, қолтықтан демемесе.*

*Құсалықтан құса бол өлер едім.*

*...Орным бар,*

*Төрде емен, есікте емен.*

*Тағдырың телегейін кешіп терең.*

*Елмен бірге малтығып өтикеleкте.*

*Елмен бірге талпынып осіп келем.*

Жалпы, Есләм туған ел тағдыры туралы көп толғауларының бәрі бірдей мениң көңілімнен шықты десем. ақындық өмірім алдында өтірік айтқан болар ем. Бірақ бір ақынның бар жазғаны екінші ақынға түгел ұнауы шарт та емес, мүмкін де емес. Ой жарысуы мүмкін. Қиял қияға қатар самғауы да мүмкін. Бұл ақындықтың өз сыры, өз жұмбағы. Біз Есләммен бір заманда өмір сүрдік. Бір мекемелерде қатар жұмыс та істедік. Өз ісін жақсы білетін, өділет туын қашан да биік үстайтын азамат еді ол.

*Уақыт жылжып,*

*Алмасып айлар, жылдар.*

*Адастырып жүзілмен*

*тайған нұрлар.*

*Ат байлатып алпыстың бекетіне.  
Көкірегімде бұлқілдең қайнар жыры бар.*

— деп басталатын "Алпыс арман" толғауын тебіренбей оқи алмайсың. Жалпы, бұл ақын не жазса да шабытпен, екпінмен, сеніммен жазады. Еслем Қазақстанның солтүстігінде "Өрнек" деген ауылда дүниеге келіпті. Сол ауыл, сол туған жер туралы жазылған сағыныш жырларын аса бір сезімталдықпен, ақындық асқақтықпен, балаға бітер нәзіктікпен өрген екен Еслем ақын. Маған бұл жырлар ерекше әсер етті. Ол бейнене мені қасына ертіп ап өзінің бала күні, бала күні өткен туған жері туралы ғажап бір сырлар шерткендей болды. Мен онымен сонау соғыс жылдарының ауыр күндеріне де барып қайттым. Оның басынан кешкендерін бейнене өз басымнан кешкендей болдым.

Еслемнің ақындығы қанатын көк аспанда еркін жазып, қалықтап бара жатқан қыран бақытын елестетеді. Оның қанаты болат қанат. Бұлттарды жарып өтіп күн көзіне үмтүлітіні, жас қыранның еркелігі де Еслем поэзиясына қуат, құш берердей. Әдебиетке өткен ғасырдың елуінші жылдары келген бар ақынның үлкен ұстазы болған ардақты, асыл ағамыз Әбділдә Тәжібаевтың ағалық сөзі Еслем поэзиясына да тускен екен.

"Еслем мениң ойымда жүрген, үміт артатын інілерімнің бірі болғандықтан оның "Ақ қайнар" деген атпен топталған жаңа өлеңдерін шын ықыласпен оқып шықтым. Жинақта барлығы 85 өлең бар екен. Бір жерге бас қосқан осыншалық көп өлең оқушысын "тойдырмайды", үнемі бірінен соң бірі тартып отырады. Әрбір жырдың өз әуені, өз сыры бар. Еслем тақырып жағынан кілең жаңалық айтады деу қызын. Бірақ бізге мәлім тақырыптардың өзі де Еслемша жырланып, жадырап отырады. Өйткені, талантты ақынның өлеңді поэзиялық дәрежеге көтеретін өнері көп, аспаптары мол".

Біздің дәүірдің ұлы ақынның көзіне түсу бақыты — әркімге бүйира бермеген бақыт. Еслем өлең жолында ылғи да табысқа жетіп отырды. Оның әнге жазылған өлеңдері де бар екенін мен аса бір сүйіспеншілікпен айтамын.

Еслемнің ұлы Мағжан ақын туралы және өз замандас бауырлары Евней Букетовке, Сырбай Мәуленовке, Балғабек Қыдырбекұлына арнаған жырлары, өзінің досы Гераға арнаған өлеңі оқырманың ерекше қуантатын дүниелер.

Еслем жырлары — қазақ әдебиетіне өз өрнегімен, өз бояуымен, өз үнімен келген әсем жырлар.

Жетпіске келген ақынды да, оның жалынды жырларын да мен шын жүргіммен құптаимын. Өлеңі елімен бірге жасайтын ақындарға өлім жоқ. Сондай ақындардың бірі — Еслем Зікібаев бауырымды оны сүйетін оқырманы ретінде де, ақындық жолдағы аға-бауыры ретінде де жеткен жетпісімен құттықтаймын.

**Тұманбай Молдағалиев,  
Қазақстанның халық жазушысы**

# БІРІНШІ БӨЛІМ

*Халық дейтін — қасиетті Ұлы Анал,  
Ұлы Анал да тіл аманда дін аман.  
Қабыргага батқан мұңға шыдаган,  
Қабырда да сатқан үлға жылаган.*

## Бастауың ақ тұмадай

О, Туған ел!  
 Қарт атам, Ұлы бабам,  
 Ақ тұмадай бастауың тұнық өман.  
 Сен аманда — Мен де аман, жырым да аман,  
 Күндерім де қызықты зымыраған.

Мерейлі мінбелерден  
 Шабытпен жыр оқимын, гүлдеп елмен.  
 Ойларымды өзгеше өрнектейді  
 Толағай табыстарың бірге келген.

Өрісін өрге жайған өмірім де,  
 Қанатын кенге жайған көnlім де.  
 Егемен елдігімді айғактардай  
 Бодандықтан бөлекше жолы мұлде.

Өзгеше қанаттанған жыр да мына,  
 Мазмұны, үйқасы мен ырғағы да...  
 Масайрап, мақтанашпен айтып кетем  
 Сөз үгар қыздарыма, ұлдарыма.

Мен бұрын жақынға да жат көрінгем,  
 Бағым да, байлығым да қақ бөлінген.  
 Келімсектер босағаға ысыратын,  
 Төредей орын альп нақ төрінен.

Айқаста кетпесе де жауға кегім,  
 Босқындай өз жерімнен ауган едім.  
 Мәскеу де бірер күнде орнамаған,  
 Өзіргі қолда барға тәуба дедім.

Күннің де бірі келіп, бірі кеткен,  
 Көnlідің жеткіземіз жырын еппен.  
 Ғасырлық ғарыштарға татитындей  
 Жолдарым соңғы он жылда журіп өткен!

Жүйесін жаңа тауып сөз-киелім,  
 Ойларым сан бәйгеде озды менің.  
 Еңсем де елмен бірге көтеріліп,  
 Кенейіп келе жатыр көкжиегім!..



Қар жауып түр далада, қар жауып түр...  
Дұлы дүние шертердей назданып сыр.  
Ақ ұлпа — ақ мамыққа оранып ап,  
Қалғып кеткен секілді жап-жазық қыр.

Ой-шүнкыры бір сөтте тегістеліп,  
Тұргандаймын төніректі тегіс көріп.  
Жайнаған аппак әлем — пәк дүние —  
Көз алдымда кеткендей өріс кеңіп.

Ақ қарменен қосылышп нұр жауып түр,  
Жұлдыздар да түр сөніп, түр жанып бір.  
Бейтеректер ақ басты ақ атамдай,  
Сұлуланыш алғандай нұрланыш қыр.

Бірі желіп төсінде, бірі шауып,  
Өлісі — өлі, аңдардың тірісі ауып...  
Мезі етті ме көрі әже, көрі атамды,  
Көзін іліп жатқандай тыныс алыш.

Айналайын Ата-Жер, айналайын,  
Жаны таза, жүрегі айнадайын.  
Құлағынды тұндырып жібердік пе,  
Ұшамыз деп Жұлдызға, Айға дәйім.

Сен — Атасың, Анасың...  
Жаның да бар,  
Өр түйіршек сендерден қанымдағы әр.  
Қоян емен жан бағар ши панарап,  
Аттан десен, намысым дабыл қағар.

Аман болса Жер-Ата, Жер-Анам деп,  
Берін саған барымның бере алам кеп.  
Атам барда әулие, Анам барда,  
Жүргенімді білмеймін неге алаң бол?!

Сен — Атасың, Анасың,  
Жанымдағы ар,  
Аспандатсан,  
Алаулап жалын болар.  
Ұлыңмын мұратынды мұрат көрер,  
Сенің күшің бойыма қуат берер...  
Мен биік үшсын десен аландамай,  
Сен бір мезет қуаттан, дамылдап ал!

Табиғат — Ана,  
Тәнірінің тарту-сыйы — Адам,  
Ұлдарын биік ұшырап қыыр-қиядан.  
Ұлыларымның тұғыры болған өлкеден  
Тудым деп мен де айтуга кейде үялам.

Қасіретті жерде қаптаған қарға,  
Қыран қат,  
Қапысын тауып біреуді біреу жүр алдап.  
Төре бол алса, тәбеке шығып кеткендей,  
Кол жетпес шыннан шыға келеді ұрандап.

Қаптаған қарға,  
Болғаннан соң ба қыран қат,  
Білмейсің тіпті жүргенін кімді кім арбап.  
Ақынмын фой деп Құдайға жетер көnlің  
Кұлына жетпейді кеткен соң биік шығандап.

Арын да салып,  
Барын да салып саудага,  
Сардар атанып жалғыз шабардай жауға да.  
Елдің арысын, ердің намысын құрбан ғып,  
Өсіп келеді, азайды дені сау бала.

Былайғы жұртқа —  
"Танымайсың ба, мен де Ер!" — деп,  
Кияннан биік қыр көрсетеді кердендең.  
Өңмендеп шыгар ері көп, бірақ тері жок,  
Айнала үйік сзызып қойғандай шенберлеп.

Көкдөнен көніл, жаңында жойқын бір алау,  
Алдында — шың-құз, арт жағың — жайпак,  
жыралау.  
Оны-солынды орап ап ойлар ормандай,  
Адастырмаса да,  
Жақ аштырмай кіл сынады-ау.

Мың сан аранның тұтқыны болып кей-кейде,  
Білмей қаласың жүргенінді қай деңгейде.  
Естімей, көрмей, сойлемей қойғың келеді,  
Мезі ғып болдық онсыз да елді дей, дей де!..

Уақыт-ай үнсіз өте шығатын бір демдей,  
"Қамшы сабындау тым келте" дейміз  
білгендей.

Ал енді бірде Алпамыс болғың келеді,  
Аспан мен Жердің арасын жалғап жүргендей.  
Жалмауыз жайындау жұтып жатып та  
жұмарлап,  
Адалдығымызға ант-су ішеміз қуранды ап.  
Пенде түгілі, Құдайдың көрі журмейді,  
Туган бойында-ак дұғалап қойған тұмарлап.

Табиғат-Ана,  
Бөрінің бүгін біі — Адам,  
Арамдыққа да жарып үшқандай үядан.  
Ұлылар үшқан Ұлы даланың ұлы едім  
Деуге де кейде от басып алардай үялам!

25.03.2002 ж.

\* \* \*

О, Туган жер!  
Ұлынды желе, жебе —  
Жебемесең жараттың неменеге?!

Туган жері тұғыр бол көтермесе,  
Басқа жұртта бақ қонып елене ме?

Десек те баршага аян —  
Неге, неге?..  
Басқа жұртта бақ қонып елене ме:  
"Өз елінде үлтан бол" деген сөздің  
Тереңіне бойладым келе-келе.

Бай жомарт бола алар ма берे-бере,  
Ез ерге мақтағанмен тенеле ме?  
Барлық басқа,  
Бақыттың жөні бөлек,  
Байдын бәрі бақытқа кенеле ме?!

Байдың бәрі бақытқа кенеле ме,  
Көсемсінген біреуге ел ере ме?  
Халқымның тілін, ділін, салт-дәстурін  
Үқтыра алсам деп жүрмін немереме.  
Ақынға жалған сөйлеу жараса ма,  
"Жерүйік — сұлу жер көп сала-сала!" —

Десек те кіндік қаның тамған жердің  
Жөні белек —  
Оған жан таласа ма?!

Қаншама аянышты, қанша мұнды  
Болса да, есіме алғып бал шағымды,  
Түрады сағынышым құшақ жайып,  
Аударып тек өзіне аңсарымды.

### Аңсау

Ауылдан алыс кеткен пендеге  
Ыстық болып түрады еken ел неге?  
Ертелі-кеш елендеумен күн кешем,  
Сол бағыттан үф деп сокқан желге де.

Көрі аман ба, жас аман ба, Ел қалай?  
Биыл жазда түледі еken жер қалай?..  
Құшағына құллі әлемді сыйдырған  
Айналайын қасиетті кен дала-ай!

Тіршіліктің қантары мен тамызын...  
Көріл келем, азды-көпті бар ізім.  
Ақын біткен қайғысымен, мұнымен...  
Қайталардай Асан баба азызын.

Жетті даусым жақынға да, жатқа да...  
Жаяуладым, міндім талай атқа да.  
Ел қарызы — қарызындей АНАНЫҢ —  
Өтмелейтін күнде апарсан Меккеге!

Бірде толыш, бірде ортайып жыр-кесем,  
Түсімде де тылсымдармен тілдесем.  
Сарыарқаның самалымен сусындал,  
Сөн ортаның тірлігімен күн кешем.

Арман-ғұмыр, айтып-айтпай не етеміз,  
Тұған ауыл — мәңгі құбыла, Меккеміз.  
Қайда тағдыр айдаса да адаспай,  
Аңсап кетсек, құстай үшып жетеміз.

Тауға, тасқа сан соғылып шекеміз,  
Қарызынды өтей алмай кетерміз.  
Сары белде сарғайған жас жапырактай  
Сағыныштан жараган ба екенбіз?!

Сәл сыйбырға құлақ түріп дір еткен,  
Жыргласын деп көкірегіме жыр еккен.  
Түсімде де барып қайтып жүремін  
Аңсап үшар Аруана жүрекпен.

18.12.1999 ж.

## **Тұған жер**

О, тұған жер!  
Бабам өтті өз қойныңды мекендей,  
Жер жұмағы осы арада екен деп.  
Өстім мен де сағымыңмен жарысып,  
Арманыма жетем деп.

Қиял құыш кеттім алыс — кеш мені,  
Сырым сендік, жырым сендік кестелі.  
Өзің жайлы толғанусыз өткен жок  
Өмірімнің кештері.

О, тұған жер,  
Сенсің менің тағдырым,  
Арманымның мәуелі өткен жаз гүлін.  
Бір ескерткіш жасап берем, болса да  
Тыңдырғаным аз бүгін.

Тағдыр алыш кетсін мейлі қай қырга —  
Тек өзіңсің қуанышым, қайғым да.  
Ақкуын боп жүзем еркін айдында,  
Малындырып ай-нұрга.

О, тұған жер,  
Менің байлық-ырысым,  
Арманымның шешек атқан гүлісің.  
Өмір саған өзектес қып жаратқан  
Тағдырымның бір үшын.



## Арманым

Мен де "Арғынмын Әсеттей арындаған,  
Арындал өн сала ма дарымаған"...  
Шығатын биіктегі көп болар деп,  
Тәнірім аздап сыйлаған дарын маған.

Шартабақтай дөңгелеп сағым далам,  
Жарыссаң, сал дейтіндей барынды өман.  
Сағым сынып, тауым көп шағылмаған,  
Шашамды шалғын қағып, шаң үрмаған.

Болмаған біріміз құл, біріміз күн,  
Таралған тегі тұтас тубіміздің.  
Орта жұз, Кіші жұз бар... бәріміз де  
Тетелес інісіміз Ұлы жұздің!

Деуші едік ақындыққа неге құмар,  
Сүйінбай, Жамбылы мен Кенені бар...  
Құрманғазы, Исадай, Махамбеті...  
Үрпакқа ұлағаттай кеткен аты,  
Ісі қазақ қайсысын демеді нар.

Арқаның салдарындаі сері көңіл,  
Жасынан желіктірген желік-өмір.  
Ақан, Біржан, Ыбырайдың іздерінен,  
Ағайын, іздесендер мені де бір.

Елім деп айқара ашқан ақ жаны бар,  
Еніреген Ер Түрік деп Мағжаның ал.  
Конар тұсын таба алмай тентірген  
Кей-кейде тайқы маңдай бақ жаңылар.

Сәбит, Габит — кешегі Ел мақтаны,  
Үрпакқа жалғастырар ерді ақ таңы.  
Халық барда қаһарман туда берер,  
**ДАНАЛАР** ағалардай келмек тағы!

Тағылым-талабымен бақ табатын,  
Жанымен жақынға да, жатқа жақын,  
Жеті атадан қайырып тегімізді,  
Салтымыз — **БАБАЛАРМЕН** мақтанатын!

Арғынмын,  
Арғын ішінде — Атыгаймын,  
Данқым асқақ болмаса да, атым — айбын.  
Жанатайдан жалғасқан алтыншы үрпак —  
Мен, бөлкім, мақтануға татымаймын,  
Бөрібір алдымда үлкен жатыр айдын.

Бір үрпак бір үрпақпен алмасады,  
Өмір өсіп тұрмаса, бар ма сәні.  
Таңаттан Есенаман, Мамыт, Зікібай,  
Еслем, Еркін, Ерден, одан әрі  
Кішкентай Ерұланға жалғасады.  
Тәнірім тіршілігін тоқтатпасын,  
Толқын, толқын... олардан да алға асады.

Демеймін көктен түсіп, бола қалдым,  
Өртеніп өз отына жанады әркім.  
Пайғамбардың жасынан асып кеттік,  
Ендігі бар тілегім — өзім емес,  
Болашағы немере, балалардын...

Тірлікте сан тамұқтан өтесіз көп,  
Тұғандар некеліден некесіз бол,  
Мақтанып жеті атасын кім деп айттар,  
Тірі жетім өскен соң жетесіз бол.

Көңіліме толса да, толмаса да,  
Біреуді зор, біреуді қорға сана  
Демеген аргы-бергі бабаларым.  
Өр қазақ түп-тегімен мақтанады,  
Бірі артық, бірі кем болмаса да.

Өмірде асуы мол құз, белендер...  
Жетіп жатыр, бәрі де бізде деңдер.  
Руды айту — басқаны ұру емес,  
Одан сірө саясат іздемендер.

Кепке жақпын демеймін, азға жақпын,  
Өз алауым өзімде, маздамақпын.  
Арманым — тұтіні көп шашырамай,  
Егеменді Елімнің КӨК ТҰЫНДАЙ  
Оты тұтас лауласын АЗ ҚАЗАҚТЫҢ!

## Қимайды ана

— Мына жүртты жын қакқан ба? —  
 деп ойлады карт ана, —  
 Есі дұрыс адам болса, тағдырын  
 салған жандай қартага  
 Осы жүртта мен білмейтін бар қылыш,  
 Жұмақ жерді қалдырып,  
 Көзі қызып өскен, өнген ауылды —  
 Ағайынды, дос-құрбыны, бауырды...  
 Қалаға жол тарта ма?  
 Ессіздігі желекпенің қайсыбір  
 Аяздай-ақ батады екен арқаға.

Бір ай болды,  
 Нені көрдім, нені үктym —  
 Төрт қабырға, жалғыздықпен серікпін.  
 Тірлігінді білдіретін, билетін  
 бір пенде жоқ, зеріктім,  
 Өзімді өзім алдарқатып келіппін.

Айта алмаймын бар ма, жоқ па санатта,  
 Биік үйде,  
 Сегізінші қабатта  
 тұратұғын ұлым менен келінім  
 баса алмай жүр қала деген желігін.  
 Қою тұтін шиаратылып отынан,  
 төрт құбылам түгел болып отырған  
 әкелді айдал мені кім?!

Тандарда да көз ілмедім —  
 толасы жоқ бұл не, бұл?  
 Дамыл алса қайтер еді түнде бір.  
 Машина ма,  
 Темір жолды тоқылдатқан тағы да  
 мен көрмеген пәлекеттер сапырлысып бірге жүр.

Рахмет мені әкелген келінге де, ұлға да,  
 Біздейлерге келмейді екен бұл қала.  
 Қайтарындар тез ауылға,  
 Тыныштық жоқ,  
 Тыным алар сәті жоқ,  
 Тосын адам жынданар-ақ шында да.

Рахмет!  
 Талай жерді аралатты,

Талай жерге апарды,  
 Көрем деп пе ем шал көрмеген шаһарды?!  
 Астанада тұру — ылғи арманы еді пакырдың,  
 Ал мен бейбақ сыймай міне жатырмын.  
 Ағайынның ортасына жеткізсін,  
 Ана сүтін кешпесін десе,  
 Алам десе батамды.

Қайран өмір!  
 Көп-ау, тегі, жан білмейтін амалы,  
 Талайлар жур айналсоктаپ,  
 Қалдыра алмай қаланы.  
 Қекірегінде — күмбірлеген дала күйі, дала өні,  
 Құлағында — үлбіреген Сарыарқаның самалы.

Келінің де, уілдеген немересін, ұлын да  
 Қимайды ана, қимайды,  
 Өзін езі қинайды-ақ.  
 Қөзінде жас,  
 Қоңілінде қуаныш,  
 Тұған жерге түу алыс  
 Қайтып кетіп барады.

\* \* \*

Таулар шөгіп,  
 Өзендер тартылғанда,  
 Арғымактар арындал, алқынғанда,  
 Қос өкпені қусырып қос бүйірден  
 Тежегенде алдынан, артынан да...  
 Ақын жаны шырылдал,  
     Дауа таптай,  
 Шағаладай шанқылдал, шарқ үрғанда  
 Бәз біреулер беймарал күн кешеді,  
 Амал не,  
 Оған қояр шартың бар ма?!

Тәзем соның бәріне,  
 Тәзем де енді —  
 Көре-көре үйренді,  
     "Көз емделді",  
 Сөйлей-сөйлей "ұшталып, сөз өнделді"...  
 Үланғайыр даламда кезіктірдім,  
 Тұған жерден жогалған безіп бір күн

Арнасы бар,  
Суы жоқ өзендерді.

Өзендерді,  
Көлдерді,  
Жылгаларды...

Суы барда тірлігі тынбаған-ды.  
Көңілі қалып парықсыз пендесіне,  
Көзі жетіп сірә опа бермесіне,  
Сіңіп кеткен секілді құмға мәңгі.

Болашақ деп агатын күнде асығып,  
Өзен, көлдер кеткен соң құмға сіңіп,  
Қара мына ғаламат ғажайыпты —  
Тау шолпысы —  
Шыршалар да азайыпты —  
Қызы білегі тұратын шыңға асылып.

Көнеміз кеп,  
Беріне көнеміз кеп,  
Көнбістіктен төмендеп өреміз көп.  
Бүгінгі үрпақ біздерге кінә артады:  
"Қарлығашты суреттен көреміз," — деп.

Бері шындық,  
Айтпаған шындық бәрі,  
Сынақ!!!  
Сынақ!!!  
Кім қолдап, кім құптады?  
Қопарылған қордалар, қосындылар...  
Өлі талай үрпақты шошындылар —  
Жиырмасынышы ғасырдың сұмдықтары!

Ғылым шыңға шырқаған тағы ғұмыр,  
Қайда, қайда адамның танымы бұл?  
Орге бастап бара ма,

Өлде көрге?..

Сірә, адамдар ертеңін көрмеген бе?  
Орге десек,

Үқпай ма өрелілер —  
Табиғат пен Тірліктің тамыры бір.

Не әкеледі келер күн,  
Не береді?  
Білмеген соң айтып та не керегі.

Құрғатады қаншама кенерені,  
 Қанша арманды шектейді, шегереді?..  
 Бәрі сұрақ,  
 Өзірге бәрі сұрақ...  
 Біткен жоқпыз тажалды өлі сынап.  
 Менің анау бейкүнә үш немерем,  
 Ештеңені түгендеп түстемеген —  
 Не көреді құні ертең,  
 Не көреді?  
 Мына өмірден нені алып,  
 Не береді?  
 Айналасы — құл болған қектулақ жер,  
 Кесегесі неменен көгереді,  
 Кесегесі неменен көгереді?..

### **Софыс**

Софыс не?!

Білмейді өзір ұлым менің,  
 Білмейді қанша дүние бұлінгенін.  
 Өзіндей жас сәбидің жетім қалып,  
 Азап шегіп жалаң аяқ жүгіргенін.

Кинодан көруге де жалықпайды,  
 Өйткені ол софыс не?  
 Өлі үқпайды!  
 Осынау бір кесапат адамзатқа  
 Әкелгенін қаншама ғаріп, қайғы.

Софыс не?

Білмейді оны жастар өлі,  
 Олардың оқымаған дастаны әрі,  
 Ал әжемдер кинодан көрседағы —  
 Көздерінен моншактап жас тамады.

Софыс не?

Ол — үміттің үзілгені,  
 Өжімдер жас арудың жүзіндегі.  
 Қылған сағағынан қыршын өмір —  
 Мезгілсіз ерте түскен күздің лебі.

Софыс не?

Ана шашы ерте агарған,  
 Бақытын балғын қунде өртеп алған,  
 Ардағын абайсызыда жауға беріп,  
 Арманы кемелденбей келте қалған.

Соғыс не?

Көрмесем де білемін мен,  
Сондықтан да қорқамын суреңінен.  
Жесір қалған женгемнің аһ ұрганын,  
Сөби шақта-ақ сезінгем жүрегіммен.

О, бауырлар!  
Әр уақыт алаңмын мен,  
Арудың әппак жүзін өжім шалып,  
Арылмасын жазира далам гүлден.

### **Абай туган...**

Абай туган,  
Мұхтар туган жер мынау,  
Көрсем деуші ем,  
Жолым түсіп келдім-ау.  
Білдірмейсін,  
Білдірмеген боласың,  
Қасыреті арылмаған шерлім-ау.

Көрсем деуші ем көкірегіме күй тұнып,  
Жел соққандай қайда кеттің күйкі үміт.  
Елдің әрі,  
Жер жұмағы — Шыңғыстау,  
Қалғанбысың шалажансар үйтіліп?

Нені көрдім,  
Нені естілі құлағым,  
Қызықтадым,  
Несін жүрттап сұрадым.  
Туа көріп сәбілерді...

Атама —  
Жүргігіме қан құйылды,  
Жыладым.

Бар сәулені жасырды ма мына бұлт,  
Аспанымнан кетті ме өлде Күн ағып?  
Атом емес —  
Жетім жерде АДАМНЫҢ  
Тіршілігі жатқан сынды сыналып.

"Аяғы жоқ, қолы жоқ  
Жылан қайтіп күн көрер?  
Құйрығы жоқ, жалы жоқ,  
Құлан қайтіп күн көрер?.."

Қалылышта жау бол шығар жырадан —  
 Қайран бабам жыланды аяп жылаған.  
 Жылан түгіл аямайтын енді өзін  
 Кім бол бара жатыр бүгін бұл адам.

Үрлағының аяғы жок,  
 Қолы жок...  
 Кес-кестеген жүрсем деген жолын от.  
 Туганынан тумағаны жақсы еді,  
 Мына өмірдің бақытты емес,  
 Соры бол.

Ұлы мекен астан-кестен,  
 Не болды?..  
 Арман өлді.  
 Тумай жатып неге өлді?  
 Жыр Меккесі — шырылдаған Шыңғыстау,  
 Айтындаршы,  
 Шыққыр көзім не көрді?

Қасиетті қарт Шыңғыстың төрінен  
 Айлы кеште Абай әні төгілген.  
 Қабырғасы қарс айрылып сөгілген  
 Өмір көрді арпалысқан өліммен.

Көрді, көрді...  
 Көрмесем-ақ деп еді,  
 Бұл — халықтың тарқамас шер-шемені.  
 Асып барған,  
 Тасып барған қу көніл  
 Кез алдында күлгін тартып құллі өнір,  
 Құр сүлдері сүйретіліп келеді.



## Қымай барам

"Жырым менің — жалғызым..."

**Мұқағали**

"Жырым менің — жалғызым, жан дауысым"  
Деген сөзің жалғаспай қалмау үшін,  
Інілерің көтерді көк туынды —  
Еркін елдің көгінде самғау үшін.

Самғау үшін, үзіліп қалмау үшін,  
Ұлы көшті ілгері жалғары шын.  
Адамзаттың ертеңін еркелетер  
Ақиық ақындардың арманы — шын.

Халықтың жыры — мұны жараганнан,  
Қанаттанған қашандада ар, арманнан.  
"Ақтабан шұбырынды" шуын сүйреп,  
Арман-жыр "Елімайлап" аман қалған.


Естілер ерен ердің шыңнан аты,  
Белдеуде тыптырулыш тұрган аты,  
Қызыл тіл — қынаптағы ақ алмасы,  
Қапыда қылмаса жыр қанаты.

Менің де жырым — зарлы жан дауысым,  
Құс гұмыр биіктеге самғау үшін,  
Жер қауып аламанда қалмау үшін,  
Косылыш жорықтарға бармағы шын.

Кешегі Абай, Мағжан, Қасымдардың  
Артында қалған ұшқын-жасыннанмын.  
Тасынған кім, ақынды басынған кім,  
Айдынға ақ маржан бол шашылғанмын,  
Сынығымын алмастай асылдардың,  
Тұнығымын тұңғық ғасырлардың!

Сен сағынған Есілім, алқа көлім,  
Сен табынған ақ самал, қамқа белім,  
Аймалаған айдынды Арқа желім,  
Сағындырды, сыңқылдан сағым құлді —  
Құс болсам, кунде барып қайтар едім.

Көктем кетті, жаз өтті, күзім де арман,  
Сынап сынды құбылып қызынған қан.



Көніл де кү жапырақ күз ұрганнан,  
Шошиды күз ұрганнан, ызыңдардан.  
Баяғы өрт мінез жок бұзып-жарған,  
Құлындаі топырағыңа аунап-кунап,  
Қайтар ма ем қырларында ізім қалған.

Мұнартып мизам үшқан мидай далам,  
Сағынып кеп, қайтарда қимай қалам.  
Қамысты келдеріннен, белдеріннен...  
Іздеймін іздерімді шимайлаған.

Алтабында алапат ми қайнаған,  
Мұнартып мизам үшқан мидай далам,  
Оған да өсе бара сыймай ма адам,  
Қектемде сағынып кеп, күз қайтатын  
Ақкудай айдынымды қимай барам.

17.04.2001 ж.

## **Аруана әжелерім-ай**

Кыз ұзатар еді ертеде ел:  
"Сүйегің — біздік, ал етің — барған  
жерлік!" — деп,  
Қайда кетеді, тағдырға бөрі көндікпек.  
Бүгінгі келін өткелден өтіп алған соң,  
Атадан биік озады төрге кергіп кеп.

Ол кезде өлде жетілмеді ме жете тым,  
Ақыл-ой — орман, шетіне кім бар жететін.  
Барған жеріне судай сіңсіп, ақыры  
Сол елдің ғана намысын жоқтап кететін.

Ождан да, ар да қалғандай қазір тегін бол,  
Жалмал жатқандай сана-салтынды, жерінді от.  
Белі бүкшиіп, келінге қарап, кемиек —  
Көрі өже үйге сыйып жүр әзер келін бол.

Күйбен тіршілік,  
Күн демей, тілті түн демей,  
Сықыр да-сықыр —  
Тозығы жеткен күймедей,  
Омырылып оқыс бел омыртқасы үзіліп,  
Жетеді-ау бір күн, қалай жүр екен күйремей?

Айбарыменен ықтывар бөрін ері үдай —  
Бабадан қалған дәстүріменен елі бай.

Айта алмай келген, тарқамай келген шерім-ай,  
Жанымды жебеп, қалдырмайтында мені жай...

Атам секілді ауыл-аймақтың айбыны,  
Абысындарға ақылдың кеніш-айдыны.  
Көк өгіздей-ақ жер жүгін жалғыз көтеріп,  
Белі үзілсе де иіліп бір сәт бүгілмей,  
Ұмытқан мұлдем қуанышты да, қайғыны...  
Бастарыннан бақ тайғанады екен қай күні?  
Білмеймін тіптен қай жерде, қандай себебі,  
Сендерді көрсем, көңілім босай береді.

Алтын құшақтар — халқымның кие, иесі —  
Салттымды сақтар жоғалмас жолдың жүйесі.  
Асыл сыйлы анам,  
Көріп қиналады күн сайын,  
Сендерге, бәлкім, уақыттың тартқан "сыйы" осы!

Айдай өлемге елі бай және жері бай,  
Бай ел, бай жерді асқақтататын ері ұдай.  
Сол ерлерді туған, белдерін буган бүгілмей,  
Аруана өжелерім-ай,  
Аруана өжелерім-ай!..

28.01.2002 ж.

### **Алаулайды ақ қарда**

Мен еркіnmіn —  
Еліm еркіn өйткені.  
Жеріm еркіn,  
Сеніm еркіn өйткені...  
Санам еркіn азат болған құрсаудан,  
Көңіліm де еркіндіктен нұр сауған,  
Намысым да еркіn енді, шүкіrlіk,  
Мұздай теміr құrsanғan.

Мына жалпақ ғаламда,  
Көңіл-кептер аланды.  
Адам біткен бағынышты Адамға,  
Еркіндігің болмаса егер сананда,  
Қоғамынды макта,  
Мейлін жаманда...  
Бос сөз болып қала берер бәрі онда.